

ЖАҢАЛЫҚТАР

Reuters: Израиль мен "Хезболла" атысты тоқтатуға келісті

20 маусым 2026 жыл, 04:49



Ливанның оңтүстігі. 19 маусым 2026 жыл.

Израиль мен "Хезболла" жұма күні өзара атысты тоқтатуға келісті. Келісімнің күші 19 маусым жергілікті уақыт бойынша сағат 16:00-де күшіне енді. Бұл жөнінде Американың жоғары лауазымды шенеунігі хабарлады.

Ираншыл "Хезболла" ұйымы АҚШ пен Израильде "террористік ұйым" деп танылған. ЕО аумағында "Хезболланың" әскери қанаты террористік деп танылған.

Reuters-тің дерегінше, тараптардың келісімге келуіне АҚШ пен Қатар сонымен бірге Иран көмектескен. Басқа тұсы айтылмайды.

Атысты тоқтату туралы келісім жөнінде хабарлама топтың түнгі шабуылынан кейін төрт израильдік әскери қызметкер қаза болғаннан соң Израиль премьері

Биньямин Нетаньяхудың "Хезболлаға" ірі соққы жасауға уәде бергені туралы ақпарат шыққаннан соң пайда болды.

Дегенмен келісім туралы хабарламадан кейін Ливанның ақпарат құралдары Израильдің Ливанның оңтүстігіндегі Кфар-Тebнит ауданына соққы жасағанын хабарлады.

Израильдің жоғары лауазымды өкілі Израильдің солтүстігіндегі әскер мен тұрғындарға қатер төнген кезде шақта келісім әскери қимылдарды шектемейді және "Хезболланың" инфрақұрылымдарын жоюды жалғастыруға шек қоймайды деген.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ